

С.У.Такиров

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***XX ғасырдың 40-жылдарындағы әдеби сындағы ізденістер**

Мақалада XX ғасырдың қыркыншы жылдарындағы қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері сөз етілді. Көркемдік даму үдерісін, қаламгерлер шығармашылығын сын талқылауынан өткізудегі, тоталитарлық жүйе қысымындағы сын табиғаты жүйелі талданды. Әдеби сынның жанрлық тұрғыдан ізденістері қарастырылды. Сондай-ақ сынның проблемалық мақала, полемикалық мақала, әдеби шолу, тағы басқа түрлерінің жандана бастауы жан-жақты сарапқа салынды.

Кілтті сөздер: сын, тоталитаризм, ізденістер, әдеби сын, қаулы-қарар, 40-жылдар, қайшылықтар, проблемалық мақала, полемикалық мақала, әдеби шолу.

Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасын ғылыми негізде игеру мен зерттеуде өрескел қателіктер, бұрмалаушылықтар белең алып, партиялық қаулы-қарарлар арқылы жүзеге асырылып отырған тұтас кезеңдер болды. Оның туындау себебі — Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» хаты кейінгі идеологиялық өктемдікке жол ашып, қатерлі роль атқаруында. Мәселен, аталған хат бойынша 1932 жылы дайындалған ВКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» нұсқау-құжаты түсіндірме хат түрінде жарияланды.

Идеология қызметкерлері басшылыққа алуға тиіс болған аталған нұсқау-құжатта әдеби сынның қай бағытта жұмыс істеу керектігі анық көрсетіліп, «Қазақстанда социализм құру кезеңінің міндеттері мен әдеби сынның мәселелеріне ерекше назар аударылсын», — деп жазылды [1; 242]. Сол арқылы «ұлтшыл», «алашшыл» атанған ақын-жазушыларға қарсы күрес науқанына жол ашты да, соны «халық жауларын» әшкерелеу, қуғын-сүргін, атып-асуға ұласқан-ды. Бұл, біріншіден, ұлт зиялыларын құрту арқылы тұтас халықты мәңгірттендіруге бағытталған қатал саясат болса, екіншіден, идеологиялық қыспақтың ұстанған, діттеген бағытын да анық танытты. 1939 жылдың 7 ақпанында қабылданған «Қазақстандағы искусство мен әдебиетті бұдан былай да өркендету туралы» Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы «халық жауларын» әшкерелеп болған саяси науқаннан соңғы әміршіл-әкімшіл жүйенің әдебиет пен өнерге жанашырлық кейіп танытқан қитұрқы амал болғаны анық. Сталинизм әкелген қасірет пен зобалаңның КСРО кеңістігіндегі рухани өмір мен қоғамдық өзгеріске тигізген залалы туралы орыс ғалымдары «Сталинді және сталинизмді зерттеп білмейінше 30–50-жылдардағы кеңестік өнердің зор трагедиясын білу мүмкін емес, одан қандай құнарлықтар қалды, тіпті қалмады ма, сол ауыр кезеңде талантты адамдар қалай өмір сүрген?» — деп жазады [2].

Ал қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тұтас әдебиеттануы дағдарысқа қаншалықты ұшырағанын және де ойранды жылдардан соң жандануы мен қалыпты арнасына түсуінде қандайлық қиындықтар болғанын байыптау қиын емес. Осы мәселеге қатысты қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуші Т.Кәкішев 30-жылдар ойраны туралы айта келіп, «қабындап өсіп келе жатқан жас толқынның ағалар арқалар көркемдік ауырлықты белдері қайыса, бақайлары майыса әзер дегенде мерткіпей көтеріп кеткендері абырой болды. Әйтпесе «Қазақ әдебиеті» деген ақтандақ пайда болуға әзер-ақ қалған еді» — деп жазса [3; 328], 1930-жылдардағы әдеби сынды әдебиеттанудың бір саласы ретінде қалыптасуымен сабақтастықта қарастырған Д.Ысқақұлы «Біздің бүгінгі таңда да мәңгірттік, нигилистік көзқарастардың шылауынан шыға алмай келуіміздің басты себептерін де осы отызыншы жылдарда Сталин жүзеге асырған саясаттан іздеуіміз керек сияқты» деген пікір түйеді [4].

Қазақ әдебиеттануында қолға алына бастаған ізденістердің маркстік-лениндік дүниетаным талаптарына сай емес деген желеумен теріске шығарылуын көрнекті ақын-жазушы, әдебиетші-ғалымдарды қуғын-сүргінге түсіргенін айтумен бірге ұлттық сын мен әдебиеттануды белгілі бір идеология қолшоқпарына айналдырғанын байқаймыз. Сол себепті де сын мен әдебиеттану ғылымы маркстік-лениндік әдіснаманы түпкілікті басшылыққа ала отырып, дәуір талабы жүктеген келелі істерді қолға алуға, яғни өзінің өткен жолын, біржақты терістей отырса да, жаңа бағыттағы ізденістерге ден қоюға мәжбүр болды. Бұл жерде ұлттық әдебиеттану, соның ішінде әдеби сын

идеологиялық қыспақ пен теперішке толы 1937–38-жылдар қасіретінің қиянатын өткергенімен, 1940 жылдары өзінің жетілу, қалыптасу кезеңіне қадам басқанын атап өткен жөн. Ашығын айтсақ, ұлттық әдеби сын өзінің тарихи туу жолындағы қиын-қыстаулы кезеңдерінде ерінбей-жалықпай, тіпті ұлтшыл атандыратынын біле тұра, басын бәйгеге тіккен сын сардарлары мен сарбаздарының 1940 жылдардан басталатын жаңа дәуіріне қадам басты. Профессор Т.Кәкішев оны «қазақтың ұлттық әдеби сынының қалыптасу дәуірі» деп атағаны мәлім. Оның алғашқы қадамдары 30-жылдардың соңында-ақ белгі бере бастағаны анық. Біріншіден, А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» ғылыми қолданыстан шығарылып тасталса да, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде ізденістердің жалғасып жатқанын дәлелдеген Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) секілді еңбектері жарық көрсе, екіншіден, мектеп оқулықтары мен оқу құралдары жазылды. Сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихын жасау, дәуірлеу мәселесіне қатысты Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев мақалалары, классикалық мұра, соның ішінде С.Торайғыров, М.Өтемісұлы, Ш.Уәлиханов, Нарманбет, Әріп, Ақмолла сынды ақындарға қатысты 1939–40-жылдары жарық көрген мақалалар әдебиеттанудың өзекті мәселелерін көтерумен қатар, оның ғылыми сипатынан таза айрылып қалмағанын аңғартты.

Отызыншы жылдардың соңында әдеби сынның көлемі азайғанымен де, оның зерттеушілік жағы, ғылыми сипаты анықтала түсті. 1939 жылдан бастап «Әдебиет майданы» журналы «Әдебиет және искусство» деп аталды. Журналда «Сын және библиография» деген айдар ашылып, онда сыни мақалалар жүйелі түрде жариялана бастады.

Әдебиеттанудың қалыптасу барысында сын мен әдебиет туралы ғылым қанаттаса, дамығанын да назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Өз кезегінде әдеби өркендеу үрдісі үзілген жерде сынның да дамуы тежелетіні, дағдарысқа ұшырайтыны мәлім. Қазақ әдебиеті тарихында есімдері ерекше аталатын Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Б.Майлиндердің атылуы, М.Әуезовтің қуғын-сүргін көруі, ұлттық сөз өнерін дағдарысқа ұшыратқаны, оның көркемдік дамуына зор нұқсан келтіргені — бүгінгі әдебиеттануда аз айтылып жүрген жоқ. Ең бастысы, әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастыққа, дәстүр мен жаңашылдық арнасына сызат түскені ұлттық сөз өнерінің шынайы даму бағытына, жанрлық сипатының кемелденуіне кереғар әсер етуінде десек, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды қаламгерлердің әр саладағы ізденістері әдебиетімізді заман талабынан туған осы дағдарыстан арылтты. Бұл мәселеге байланысты қазіргі әдебиеттануда «1937–38-жылдардағы ойранға дейін де және одан кейін де көркем сөз өнері, оның ішінде, әрине, проза тұйыққа тірелді деу — артық. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды алыптарынан айрылып, әдебиет тоқырау індетіне душар болса да, мүлдем тосылып қалған жоқ. Алдыңғы буын айта алмай кеткен өрелі ойды, аяқтай алмай кеткен іргелі істі С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин есімді көрнекті жазушылар одан әрі жалғастырды. Әңгіме, повесть, роман жанрларында елеулі-елеулі шығармалар жазылды» деген байыпты пікірлер айтылуда [1; 196].

Ал поэзияда Т.Жароков, Ө.Сәрсенбаев, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ж.Саин, Қ.Аманжолов, Д.Әбілов, А.Токмағамбетов, Қ.Әбдіқадыров, Ж.Сыздықов, И.Байзақовтар жаңа өлең, поэмаларымен көрінсе, 1939 жылы Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім», С.Ерубаеттың «Менің құрдастарым», С.Мұқановтың «Ботагөз» романдары жарық көрді. Шынын айтқанда, 40-жылдардан бастап қазақ әдебиетінің қай жанрда болса да жазылып жатқан туындылары социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы секілді қағидаларын басты назарда ұстануына мәжбүр болды. Кеңестік идеология талап-тілектері әдеби сынды да осы қағидаларды негізге алуына, кез келген шығарманы талдап-талқылауда, баға беруде саяси және социалистік тұрғыда келуіне мәжбүр етті. Бұл тек қазақ әдебиетіне ғана емес, тұтас кеңес әдебиетіне де тән құбылыс болатын. Қазіргі кезде сол тұстағы идеологиялық өктемдікті орыс әдебиеттануы «Кеңес империясы құлағаннан кейін кеңестік әдебиет империясы да біржола құлады» деп түсіндіреді. Ал қазақ кеңес әдебиеті де саясат шоқпарының құқайын аз татқан жоқ.

Қазақ кеңес әдебиетінің әр жанрдағы серпілісі, өрісі тарылып солақайлыққа ұрынуы — әдеби сынның заман талабына сай жаңаша жандануына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Мысалы, 1930-жылдар ортасындағы әдеби сындағы формализм мен натурализм туралы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров шығармалары туралы сыншылдық пікірталастың репрессия тұсында желісі үзілсе, мұндай үрдіс 1939 жылы қайта жалғасын табуға ұмтылыс жасап, әдеби-теориялық тұрғыда талдаудағы ізденістерге мұрындық болды.

Мәселен, 1939 жылы 3 маусымда С.Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романына әдеби талдау болып, сыншы Е.Ысмайылов шығарманың тақырыптық-идеялық және көркемдік сипаты туралы баяндама жасады. Ал баспасөз бетінде Б.Кенжебаевтың «Жұмбақ жалау», Е.Ысмайыловтың «Жұмбақ жалау туралы», Ж.Жұмахановтың «Жұмбақ жалау» атты сын мақалалары жарияланып, романның жетістіктері, кемшіліктері сөз болды. Әрине, аталған туындының таптық сипатына баса назар аударылғанымен, көркемдік мәселесі де өткір қойылды. Бұны әдеби сынның репрессиядан соң өзінің шын мәніндегі табиғатын, басты мақсатын, яғни туындыны теориялық және ғылыми негізді сын тезінен өткізу болып табылатынын, байыптаған талпынысы еді деп бағалауға болады.

Әдеби сында орын алған солақайлық пен олқылықтардан арылу жолында оған белгілі бір дәрежеде қозғау салатын сын жанрлары қатарында проблемалық сын мақалалардың алар орны маңызды. Бұл орайда Ғ.Мүсіреповтің «Өсер әдебиетке өсірер сын керек», С.Мұқановтың «Проза және сын туралы», М.Әуезовтің «Жақсы сынға жанпида», Е.Ысмайыловтың «Келелі үш мәселе» мақалалары сынды жандандыру, оған эстетикалық сипат дарыту мақсатын көздеуі де соның нақты дәлелі болса керек.

Егер де 30-жылдар ортасында, яғни репрессиялар тұсындағы, сында полемикалық мақалалар табиғаты «халық жауларын» әшкерелеу, шығарманың «ұлтшылдығы» мен «буржуазиялық» белгісін айқындау тұрғысында өрбігенін айтар болсақ, 30-жылдар соңында ондай басты кемшіліктен арылуға деген талпыныс айқын байқалды. Мысалы, Ғ.Мүсірепов «Өсер әдебиетке өсер сын керек» мақаласында «сыншы емеспін, жазушымын, сынаушы емен, сыналудымын. Брак, сыншы кім оны да білгім келеді» дей келіп, сынның ғылыми сын, халық сыны түрлерін нығарлай ескертеді. «Арзанқол, құр айқай» сынның орын алуы, оның әдеби дамуға тигізген зардабын байыптай кеп, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов баяндамаларындағы әдебиет мәселелеріне қатысты кейбір үстірт пікірлерімен ғылыми негізді, эстетикалық сипаттағы полемикаға түседі.

Полемикалық сынның эстетикалық арнаға бет бұруының ендігі бір көрінісі — «Жақсы сынға жанпида» атты М.Әуезов мақаласы болды.

М.Әуезов С.Мұқановтың «Проза және сын туралы» сыни мақаласындағы кейбір даулы мәселелермен ой бөлісіп, өзінің байыпты пікірін білдірді. Жазушы полемикалық сынның тамаша үлгісін таныта отырып, өзінің «Айман–Шолпан» пьесасына қатысты айтылған С.Мұқанов пікірімен келіспейтін тұстарын дәлелдеп көрсетеді. Қаламгер халық ауыз әдебиетіндегі «Айман–Шолпан» жыры мен өз пьесасының сюжеттік желісі, тартыс сипаты және кейіпкерлер сомдау ерекшелігіне салыстырмалы тұрғыда баса назар аударады. Әсіресе Көтібар бейнесіне қатысты ғылыми пікірлер түйеді. Лиро-эпостағы, либреттодағы, пьесадағы және нақты өмірдегі Көтібар болмысының ара-жігін ашуда С.Мұқанов тарапынан кеткен ғылыми алшақтықты парасатты пайымына, ғылым тезіне салады.

«Сынай көрме» деп сенің қаламыңа ешкім жармаспайды. Бірақ айтқанын дәлелдеп, таратып алып, объективті келіп қорытсақ болмай ма?» деген пікірінен де ғылыми нақтылыққа шақыруын көреміз [5; 155]. Дүдәмал ділмарлық емес, парасатты пайымға шақырған М.Әуезов туындап отырған дәйексіздікті түзету қажеттігін лиро-эпос, либретто және пьеса негізінде ғылыми екшеу арқылы жүзеге асыру керектігін де ескертеді.

«Тек сын атынан қиястық жүрмесін, дәлел орнына далбай жүрмесін» деген пікірі қатты айтылғанына қарамастан, С.Мұқанов пікірінің үстірт топшылауын сын тезіне салудағы М.Әуезов байыптылығын тағы бір дәлелдей түседі [5; 156].

Ғ.Мүсірепов М.Әуезовтің полемикалық мақалалары, біріншіден, ендігі кезекте сын әдебиеттің мүддесін көздеп, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық нақтылықты темірқазық етіп ұстану қажеттігін көтерсе, екіншіден, сынның объективтілігі, эстетикалық, ғылыми негіздеріне үңілуге және оған нақты бағыт-бағдар беруімен ерекшеленеді. Шын мәніндегі сын табиғатына қатысты Ғ.Мүсіреповтің «өткір сын», М.Әуезовтің «жақсы сын» деген анықтамалары да ғылыми және эстетикалық сынға ғана жүктелер келелі міндетті күн тәртібіне өткір қоюымен де дараланады.

Соғыс жылдарында қазақ әдебиетінде бірсыпыра жаңа шығармалар жарияланып, мұның өзі әдеби сынға мол жауапкершілік те жүктеді де, әдебиеттің жайы мен міндеттерін, олардың жетістігі мен кемшілігін саралаған сын мақалалар молынан жазылды. Егер де 30-жылдар соңы мен 40-жылдар басындағы әдебиеттануда әдебиет тарихын жаңа мектеп бағдарламасына сай жүзеге асыруға баса назар аударылса, ендігі кезекте әдеби сын сөз өнерінің проблемалық, яғни теориялық, жанрлық мәселелеріне де ерекше ден қоя бастады. Бұл ретте М.Ғабдуллин, А.Тоқмағамбетовтің «Әдебиеттегі сын мәселесі туралы», М.Ғабдуллиннің «Әдебиеттегі жағымды образ туралы», Н.Сауранбаевтың

«Қазақ әдебиет тілі және оның терминологиясын жасау туралы», С.Сейітовтің «Жақсы кітаптар», «Жазушы өз дәуірінің қайраткері болу керек», Ә.Тәжібаевтың «Қазақ әдебиетінің бүгінгі міндеттері», Е.Ысмайыловтың «Соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеті туралы», «Бүгінгі өмірдің жыры туралы», «Қазіргі поэзиядағы Отан қорғау тақырыбы» атты мақалаларын атауға болады. Сондай-ақ қазақ драматургиясы мен театр, өнер сыны да даму үстінде екенін байқатты. Мәселен, М.Ақынжановтың «Арманы мол, дәрменсіз пьеса» (Ш.Құсайыновтың «Марабай» пьесасы туралы), М.Әуезовтің «Марабай мен Мардан», Қ.Бадыровтың «Жаңа міндеттің бастамасы» (Ә.Әбішевтің «Жолдастар» пьесасы жайында), Б.Кенжебаевтың «Жолдастар», Е.Ысмайыловтың «Абай образы» («Абай» пьесасы жөнінде), А.Лекеровтің «Жеңіске шақырады» («Намыс гвардиясы» пьесасы жайында) секілді сын мақалаларында қазақ драматургиясының жай-күйі, даму жолындағы жетістіктер мен олқылықтар қарастырылды.

Осы рецензия сипатындағы мақалаларда аталған пьесалардың көркемдік сипатынан гөрі, идеялық арнасына көбірек мән берілді. Оның өзі заңды да. Оның себебі — тарихи кезең өнерпаз тұлғалардың өнердегі асқақтығы мен Отан қорғаушы ерлердің өршілдігін дәріптеуді талап етті.

Ал соғыс жағдайындағы өмір шындығын қазақ драматургиясында реалистікпен суреттеудегі бағытындағы үстірттіктерге әдеби сын тереңдеп дендей алмағанын айта кетуіміз керек. Бұл орайда М.Әуезовтің «Намыс гвардиясы» туралы Б.Момышұлының пікірі — әдеби сын тереңдеп бара алмаған мәселені объективті қарастыруымен құнды. «Елгезек солдатты, мойынсұнғыш, өте әділ, айбынды, ер жүрек, қарапайым жауынгерді қайда жібергенсіз? Сіздің Төлегеніңіз ұрыс даласының солдаттынан гөрі, сахна сайқымазағына айналған» деген пікірі Ұлы Отан соғысы жылдары жазылған қазақ драматургиясындағы майдан даласын көрмей, білмей жазу секілді елеулі олқылықты дөп басуымен ерекшеленеді [6]. Әсіресе қазақ драматургиясының көркемдік және идеялық сипаты жоғары пьесалар жазуда өмір шындығынан жырақ кетіп, оғаштықтарға баруының өзіндік себептері де жоқ емес. Өйткені майдан даласын, ұрыс алаңын, солдат психологиясын терең игеруге уақыт мүмкіндік бере бермеді.

Отызыншы жылдарда көріне бастаған жас ақындар үшін бұл кезең жаңа өрлеу дәуірі болғаны анық. Ал танымал ақындар Ж.Жабаев, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Сайн, Д.Әбілов, Қ.Бекхожиндердің осы тұста ақындық дарындары өзіндік сипаттарымен көрінеді. Соғыс жылдарында қазақ ақындарының қатары өсіп, поэзияға қосылды. Әдебиетке Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, С.Сейітов, Қ.Жармағамбетов, Қ.Шаңғытбаев, З.Қалауова, тағы басқа ақындардың жаңа буыны келді. Аталған ақын-жазушылар шығармалары оның көркемдік дамуға ықпалын әдеби сын назардан тыс қалдырмай, көркемдік ерекшелігі, сонылығы тұрғысынан бағаланып отырды.

Әдеби сынның жанрлық сипаты да толыса түсті, атап айтқанда, проблемалық және шолу мақалалар, шығармашылық портрет, эссе сияқты түрлері жиі көріне бастады. Мысалы, Е.Ысмайыловтың «Ақындық өнерге жетілу — өмір шындығын ақиқат бейнелеудің дұрыс жолы», «Ақындық талант өз орнына жұмсалсын» атты проблемалық сын мақалаларында қазақ поэзиясын өршіл романтикамен қанаттандыру, қазақ лирикасының теориялық мәселелері кеңінен талданды. Сыншы қазақ поэзиясын көркемдік тұрғыдан дамыту келелі де өзекті мәселе екеніне басты назар аударып, «бізге шын мағынасындағы көркем, идеясы терең мәдениетті лирикалар керек. Бізде жетілмеген, тұмаған романс, баллада, сонет тәрізді лириканың толып жатқан қысқа түрлері поэзиямыздан көрінуі керек» деген биік өрелі көркемдік талаптар қойып, ақындарды тың жанрларда ізденістерге шақырды.

Сондай-ақ сыншы сол тұстағы қазақ поэзиясына тән басты олқылықтарды да назардан тыс қалдырмай, көркем туынды табиғатын эстетикалық тұрғыдан бағалау керектігін ескертті. Ақындық мәдениет пен шеберлікті шыңдау, түрлі көркемдік бейнелеу тәсілі арқылы қазақ поэзиясының сапалық деңгейін көтеру мәселесіне айрықша назар аударды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэзиясының биік шыңы, ірі жетістігін айтқанымызда Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы айрықша аталатыны заңды. «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы поэзиядан, әсіресе Қасым Аманжоловтың шығармаларының алатын орнын ерекше атап өтуге тура келеді». Сол себепті де Қасымның аталған поэмасы әдеби сын тарапынан жоғары бағаланды. Көркемдік деңгейі биік соны туындының эстетикалық сын тудыруы да заңды. Бұл ретте сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Майданнан соққан жаңа леп» мақаласы 40-жылдардағы эстетикалық сынның үлгісі ғана емес, жаңаша байыптау және талдау сипатындағы мақала болуымен ерекшеленді.

«Поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында, ақын Қасым жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сөзімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербеп шыққан» деген пікірі арқылы поэманың күдіретті күшін, Қасымның ақындық қуатын жоғары бағалады [7; 187]. Сондай-ақ Ә.Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңінің шынайылығын, ақындық мәдениетін асқан білгірлікпен талдай білді. «Қасым мен Әбудің осы екі шығармасы майдандағы ақындарымыздың ойлау, тереңдеу үстінде екендіктерін де дәлелдейді..., өйткені бұл өлеңнің екеуі де «байырғы даңғыл» емес. Осы күнгі барлық кеңес поэзиясының жақсы үлгілерімен салыстыруға болатын шығармалар» деген сындарлы пікір білдірді [7; 188].

Поэзия сынында Қ.Бекхожин «Ерлікті жырлайық», А.Лекеров «Ақын шабыты» (Н.Байғаниннің өлеңдер жинағы туралы), С.Мұқанов «Отан қорғауда маңызы зор поэма», С.Сейітов «Барды барша, жоқты жоқша айту керек» («Нарын» поэмасы туралы), А.Токмағамбетов «Кавказ» (Иса Байзақовтың осы поэмасы туралы), Ж.Жұмақанов «Мәншүк туралы поэма», П.Кузнецов «Өлмес өмір поэмасы», Қ.Тұрғанбаев «Ақбөпе» (Иса Байзақов поэмасы) мақалаларымен көрінді. Әрине, бұлардың бәрі әдеби сын табиғатымен, оның ғылыми-теориялық, эстетикалық сипатымен үйлескен, биік деңгейлі десек, қателескен болар едік. Әйтсе де бұларды кешегі 30-жылдар ойраны тұсында орын алған солақай, ұр да жық саясатшыл сынмен салыстыруға да келмейтіні көрініп тұр. Бұл мақалалар, біріншіден, көркем шығарманың идеялық сипатына назар аудару, оқырмандарға таныстыру мақсатында болса, екіншіден, қазақ поэзиясының проблемаларын талдауымен, қарастыруымен ерекшеленіп, негізінен, сынның ғылыми бедерін арттыруды мақсат еткен проблемалық шолу мақалалар болды.

«Сын әдебиеттегі барға талдау беріп, бардан қорытынды шығарумен бірге әдебиеттің саяси-идеялық, творчестволық бағытын белгілейтін, бұл жөнінде жетекші болатын белсенді ұйымдастырушы болуы керек. Бұл міндетін сын орындай алмай келеді» — деп, сыншы М.Қаратаев 30-жылдардағы қазақ әдебиеті сынының басты олқылығын атап көрсеткендей, 40-жылдардағы әдеби сын сол кемшіліктерден арыла отырып, тың бағыттағы ізденіс өрісіне бет ала бастағанын дәлелдей түсті. Әдеби сынның ғылыми, эстетикалық және теориялық сипатының артуымен қатар әдеби даму барысын жіті қадағалау, сол арқылы әдебиеттің көркемдік-идеялық бағытын айқындауға бетбұрыс жасауы да 40-жылдардың бірінші жартысындағы әдеби сынға тән басты сипат болды.

Қыркыншы жылдары Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ батыры» романына қатысты Е.Ысмайылов «Тақырыптың көркемдік шеберлігі» атты мақаласын жазды. Сыншы жазушының аталған шығармасын прозаның көлемді жанрын меңгеру жолындағы шығармашылық ізденістің жана бір асуы екенін айта келіп, романдағы басты кейіпкердің суреттелуіне, жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне баса назар аударады.

Туындының идеялық арқауы, яғни патриотизм, халықтар достығы, кеңес жауынгерлерінің ерен ерліктерін берудегі Ғ.Мүсірепов шеберлігі әр қырынан талданып, соғыс тақырыбын көркемдік игерудегі қаламгер жетістігі орынды бағаланған. Бұны тек жазушының ғана емес, қазақ әдебиетінің де үлкен шығармашылық табысы деген түйін жасайды. Сыншы Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы кейбір шығармаларда орын алған ерлікті суреттеудегі және көркемдік шешіміндегі жадағайлық, үгіттік-насихаттық сарынды орынды ескерте келіп, ендігі кезекте қазақ әдебиеті көркемдік жағынан да, сапалық тұрғыдан да дамитын кезеңге қол созғанын дұрыс ескертеді.

1940-жылдардың бірінші жартысындағы сын әдеби даму барысына белсене араласып, сынның жанрлық түрлерінің айқындалуымен де даралана түсті. «Сын жанрлары алғашқы қазақ баспасөзі беттеріндегі хабарламалық, дәйектемелік сипаттағы қысқа заметкалардан бастап, ұзақ қалыптасу, даму жолдарынан өтіп, бүгінгі жанрлық белгілері әбден айқындалған кемелдік кезеңге жетті» деген пікір осының айғағы [8].

Шынында да, қазақ әдеби сынының жанрлық түрлерінің қалыптасу жолындағы бір белес — 1940 жылдар десек, бұл тұста сынның шығармашылық портрет, әдеби шолу, айтыс мақала, проблемалық мақала, полемикалық мақала сияқты басты түрлері ғылыми сипаттағы табиғатына сай кең ауқымды тұрғыда көрінуге ұмтылды. 1937–38-жылдар ойранының әдеби сынға тигізген ауыр зардабы мен әдебиет тарихының «ақтаңдақтарға» толы болған және ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің әлемдік әдебиеттанудағы ой-пікірден окшауланудан біртіндеп арыла бастады.

Көркем өнер мен ғылымды маркстік-лениндік әдіснаманың қағидалары талаптарынан шығармаған партия саясатының 40-жылдары тізгінін сәл де болса босатыңқырағаны — тарихи шындық. Осыған сай әдеби сынның жанрлық келбетін, ғылыми сипатын еселеуде проблемалық

мақала, әдеби шолу, полемикалық мақала түрлерінің жандана бастауы да байқалды. Белгілі бір тақырыптағы немесе жанрдағы шығармалар жайлы кеңінен сөз қозғап, талдау, жалпы бағыты туралы тұжырымдар тую — сынның шолу жанрының міндеті. Ал проблемалық мақалаларда әдебиетіміздің теориялық және практикалық маңызы бар зәру мәселелері төңірегінде әңгіме қозғалады. Біз қарастырып отырған кезеңдегі әдеби үрдістің түрлі мәселелерін жан-жақты көтерген сын мақалалар сол дәуірдің өзінде баспасөз бетінде аз да болса көрініс берді. Мысалы, Е.Ысмайыловтың «Ақындық өнерге жетілу — өмір шындығын ақиқат бейнелеудің дұрыс жолы», «Ақындық талант өз орнына жұмсалсын», Қ.Бекхожиннің «Ерлікті жырлайық», Б.Шалабаевтың «Еңбек, кәсіп жайындағы өлеңдер», Ы.Дүйсенбаевтың «Қазақ ақындары Отан туралы», Ғ.Мүсіреповтің «Майданнан соққан жаңа леп» атты сын мақалалары проблемалық мақала, шолу мақала түрлерінің нақты мысалы болуымен бірге, сынның жаңа бір сатыға көтерілуін көрсетеді.

1940-жылдардағы әдеби сында өнімді еңбек еткен М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Б.Шалабаев, М.Ғабдуллин әдебиеттің даму бағытын, көркемдік-идеялық арналарды игеруге, сол арқылы әдебиеттің, сынның даму дәрежесін биік талап тұрғысынан айқындауға шығармашылық ықпал етті. Әдеби даму барысына шолу жасап, әр ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін жіті талдап қана қоймай, әдебиет мүддесі үшін жұмылдыру, қаламгерлерді тың ізденісте береке-бірлік пен парасаттылыққа шақыруда сынның да, сыншының да алар орны айрықша. Сынсыз әдебиет те, қаламгерлер де өспейтіні, шыңдалмайтыны мәлім. Ал сын табиғатын, басты мақсат-міндетін парасатты пайымдауда білікті де білгір сыншының проблемалық және де полемикаға толы байыпты пікіріне қандай да болмасын қаламгердің құлақ асатыны да түсінікті.

«Сынды тек қана сынау құралы деп түсіну — қателік. Сынның ең әуелгі және негізгі міндеті — әдемілікті, сұлулықты, жарастықты, парасаттықты, көркемдікті қастерлеу, жақсыға қуану, жаманға қамығу, гүлденер өнерге қолғабысын тигізу, теріс жолдан сақтандырып, оңға бастау, бағыт-бағдар сілтеу» [3; 358]. Бұл тұрғыдан келгенде, сынның эстетикалық сипатымен көрінуде сыншының біліктілігі, талдау шеберлігі әдебиетке биік мәдениет пен орынды талап қоюы барысында айқын танылады.

1940-жылдардың алғашқы жартысындағы әдеби сында осы мақсатты дйттеген сындар аса көп бола қойғаны жоқ. Ғ.Мүсіреповтің «Майданнан соққан жаңа леп», «Абай» романын талдаудағы пікірлері эстетикалық өскелең сын биігін танытқаны анық.

Қазақ әдебиетінің дамуына тікелей қатысы бар өзекті мәселелерді анықтауға деген әдеби сынның талпынысы кезең талабы ғана емес болатын. Поэзияда, прозада, драматургияда сол кезеңдегі әдеби үрдісте белсене қызмет атқарған көрнекті өкілдер жаңа шығармаларымен көрініп, отызыншы жылдар ойранынан көркемдік деңгейі, идеялық арнасы тарылған, дағдарысқа түскен қазақ әдебиетін аз уақыт ішінде жандандыруға, әр жанрды дамытуға күш салды.

Әрине, кеңес дәуіріндегі әдебиет ұстанған көркемдік әдіс — социалистік реализм өмір шындығын жан-жақты суреттеуге мүмкіндік бермегені және де қаламгерлерде ой еркіндігі болмағаны мәлім. Ал тыйым салынған тақырыптарға бара қалған ақын-жазушыларға саяси сенімсіздік білдіріліп, қуғын-сүргінге түскенін де назардан тыс қалдырмауымыз қажет. «Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ әдебиетінің мойнындағы жүк батпан салмақпен ауырлай түскен-ді. Соғыс тақырыбын көрсету тәжірибесінің аздығы өз алдына, сол қарсаңда әдебиетіміз көп шеберлерінен, үздік таланттарынан айрылып қалған. Сондай-ақ әдебиетші Ш.Елеуеновтің «Социалистік реализмнің салқыны қазақ әдебиетінің құзар биік туындыларына әр түрлі дәрежеде тигенін жасыра алмайсың. Дегенмен, өнердің аты өнер. Оның ішкі заңдарын терең сезінген талант талай асыра сілтеулерге оншалықты бой алдырған жоқ. Оның үлгісін қазақ әдебиетінен де кезіктіресің» деген пікірін де назардан тыс қалдыра алмаймыз [9].

Түйіндей айтар болсақ, 1940-жылдардың басында ұлттық көркем сын әдебиетіміздің даму үрдісі, көркемдік деңгейі, шығармаға теориялық талдау жасай алу мәселелері туралы көңіл аударарлық пікір білдіруге қол жеткізе алды десек, артық айтқандық емес.

Әдебиеттер тізімі

1 20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті. — 1-кіт. — Алматы: Ғылым, 1997. — 512-б.

2 Громов Е. Сталин: пути эстетического утилитаризма // Вопросы литературы. — 1992. — Вып. I. — С. 17.

- 3 *Кәкішев Т.* Қазақ әдебиеті сынының тарихы. — Алматы: Ғылым, 1994. — 448-б.
- 4 *Ысқақұлы Д.* Сын сонар. — Алматы: Жазушы, 1994. — 148-б.
- 5 *Мүсірепов Ф.* Суреткер парызы. — Алматы: Жазушы, 1970. — 330 б.
- 6 *Әуезов М.* Жиырма томдық. — 19-т. — Алматы: Жазушы, 1985. — 229-б.
- 7 *Момышұлы Б.* Қанмен жазылған кітап. — Алматы: Жазушы, 1991. — 400-б.
- 8 *Ысқақұлы Д.* Сын жанрлары. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 286-б.
- 9 *Елеукенов Ш.* Әдебиет және ұлт тағдыры. — Алматы: Фолиант, 1997. — 233-б.

С.У.Такиров

Основные направления литературной критики 40-х годов XX века

В статье рассмотрены актуальные проблемы казахской литературной критики сороковых годов XX в. Отслежены художественные процессы указанного периода и влияние на художественную природу писателей тоталитарной системы. Автором статьи исследовано жанровое своеобразие литературной критики. Вместе с тем показаны такие типы статей, как проблемная, полемическая, литературное обозрение и др.

Actual problems of the Kazakh literary criticism of the 40's of the twentieth century are considered in the article. Literary processes of the specified period and influence on the literary nature of writers of totalitarian system are traced. The author of the article investigates a genre distinction of literary criticism. At the same time such types of criticism as a problematic article, a polemic article, a literary review etc. are considered in detail.